

## Су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі туралы

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 сәуірдегі N 404 Заңы. Күші жойылды  
- Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 29 қазандағы № 372-V Заңымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР 29.10.2015 № 372-V Заңымен (01.01.2016 бастап қолданысқа енгізіледі).**

### МАЗМҰНЫ

Осы Заң суды беру мен пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыру процесінде жеке және (немесе) заңды тұлғалардың - су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі мүшелерінің мемлекеттік органдармен және су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативінің мүшелері болып табылмайтын тұлғалармен арасында туындайтын қатынастарды реттейді, кооперативтің құқықтық жағдайын айқындайды, суару көздерін басқару, оларға билік ету үшін барлық су пайдаланушылардың мүдделеріне сай келетін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

### 1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) су пайдаланушылар - гидротехникалық құрылыстарды, құрылғыларды және жабдықтарды пайдаланатын жеке және (немесе) заңды тұлғалар;

2) гидромелиоративтік жүйе - жер суаруға, суландыруға және құрғатуға арналған технологиялық өзара байланыстағы гидротехникалық құрылыстар, құрылғылар және жабдықтар кешені (суару, сорғыту, құрғату және суландыру жүйелері);

3) мүліктік (пайлық) жарна - су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі мүшесінің су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативінің пайлық қорына төлейтін жарнасы;

4) су пайдалану лимиттері - өзендер бассейндері бойынша және жекелеген су пайдаланушылар үшін белгіленетін, белгілі бір уақыт аралығында су ресурстарын су объектілерінен алудың немесе нормативтік сападағы ағынды суларды су объектілеріне жіберудің жол берілетін шекті көлемдері;

5) су пайдалану учаскесі - бір гидротехникалық құрылыстан, құрылғыдан және жабдықтан қызмет көрсетілетін және (немесе) басқару органы тұрған жерден шалғайдағы су пайдаланушылар кооперативінің мүшелерінен тұратын, су

пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативінің жалпы жиналыстың ( уәкілдер жиналысының) шешімі бойынша немесе су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативінің жарғысында көзделген өзге де жағдайларда құрылуы мүмкін құрылымдық бірлігі;

6) пайлық қор - су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативінің мүшелері оны құру немесе оған кіру кезінде енгізетін мүліктік (пайлық) жарналардан тұратын және су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативінің мүлкін қалыптастыру көздерінің бірі болып табылатын қор;

7) жүктелген аумақ - бір гидротехникалық құрылыстан немесе құрылғыдан суарылатын, суландырылатын, құрғатылатын ауыл шаруашылығы мақсатындағы ж е р ;

8) жергілікті уәкілетті орган - тиісті аумақта су пайдалану саласында реттеуді жүзеге асыратын атқарушы орган.

**Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - Қазақстан Республикасының 2006.01.10. N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **2-бап. Қазақстан Республикасының су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі туралы заңдары**

1. Қазақстан Республикасының су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі туралы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінен, Су кодексінен, осы Заңнан, сондай-ақ осы Заңмен реттелмеген бөлігінде, Қазақстан Республикасындағы селолық тұтыну кооперациясы туралы заңдардан және өзге де нормативтік құқықтық актілерден тұрады.

2. Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

## **3-бап. Су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі**

1. Жүктелген аумақта жер учаскелерін иеленуші (пайдаланушы) жеке және ( немесе) заңды тұлғалардың ауыл шаруашылығының қажеттері үшін гидротехникалық құрылыстарды, құрылғыларды және жабдықтарды бірлесіп басқару үшін мүшелік негізіндегі ерікті бірлестігі су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі (бұдан әрі - су пайдаланушылар кооперативі) деп т а н ы л а д ы .

2. Су пайдаланушылар кооперативі алған кірістерді оның мүшелері арасында бөлуге болмайды және олар жарғылық мақсаттарға жұмсалады.

3. Су пайдаланушылардың кооперативтері коммерциялық емес ұйымдар болып табылады және бұл олардың жарғылық мақсаттарына сай келсе ғана, кәсіпкерлік қызметпен айналыса алады.

#### **4-бап. Су пайдаланушылар кооперативін құрудың және оның қызметінің негізгі принциптері**

Су пайдаланушылар кооперативтері:  
гидротехникалық құрылыстарды, құрылғыларды және жабдықтарды бірлесіп  
б а с қ а р у ;

су пайдалану кооперативіндегі мүшелігіне қарамастан, барлық су  
пайдаланушылардың суды бірдей пайдалану құқығын қамтамасыз ету;  
мүшелікке кіру және одан шығу еріктілігі;  
басқарудың демократиялылығы;

су пайдаланушылар кооперативі мүшелерінің мүдделерін қорғау;  
су және жер ресурстарын ұтымды пайдалану және қоршаған ортаны қорғау  
р е ж и м і н қ о л д а у ;

су пайдаланушылар кооперативінің барлық мүшелері үшін су  
пайдаланушылар кооперативінің қызметі туралы ақпараттың қолжетімді болу  
принциптері негізінде құрылады.

#### **5-бап. Мемлекет және су пайдаланушылар кооперативтері**

1. Бағдарламалар шеңберінде суды ауыл шаруашылық тауарларын  
өндірушілерге беру жөніндегі көрсетілетін қызметтердің құнын субсидиялау,  
ғылыми-техникалық талдамаларды, сумен жабдықтаудың, суарудың немесе  
суландырудың озық технологияларын енгізу, су шаруашылығы жүйелерін  
пайдалану саласында ақпараттық қызмет көрсету, кадрларды оқыту мен олардың  
біліктілігін арттыруды ұйымдастыру, су шаруашылығы жүйелерін  
реконструкциялауға және суармалы жерлерді жақсартуға арналған  
инвестициялау жүзеге асырыла алады.

Тікелей инвестициялау тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының  
з а ң д а р ы м е н б е л г і л е н е д і .

2. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті  
атқарушы органдары өз құзыреті шегінде су пайдаланушылар кооперативтерінің  
Қазақстан Республикасының су заңдарын орындауын және су пайдаланушылар  
кооперативіндегі мүшелігіне қарамастан, олардың барлық тұтынушылардың  
суды бірдей пайдалануын қамтамасыз етуін бақылайды.

3. Мемлекеттік орталық атқарушы органдардың және жергілікті атқарушы  
органдардың, Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларды  
қоспағанда, су пайдаланушылар кооперативтерінің шаруашылық, қаржылық  
және өзге де қызметіне араласуға құқығы жоқ.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 2006.01.10. N 116 (01.01.2006  
бастап қолданысқа енгізіледі); 17.01.2014 № 165-V (алғашқы ресми жарияланған  
күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **6-бап. Су пайдаланушылар кооперативінің құқықтық өкілеттіктері**

1. Су пайдаланушылар кооперативі заңды тұлға болып табылады және мынадай құқықтық өкілеттіктерді иеленеді:

1) су пайдаланушылар кооперативі мүшелерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған қызметпен айналысу;

2) өзі қол жеткізу үшін құрылған мақсаттарға қаншалықты көмектесетініне қарай кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру;

3) гидротехникалық құрылыстар, құрылғылар және жабдықтар салу, жөндеу, оларды жаңғырту жұмыстарын орындау жөніндегі тапсырысшы болу және оларды қабылдауды жүзеге асыру;

4) жүктелген аумақтың су пайдаланушыларын сумен қамтамасыз етуге және олардың арасында суды бөлуге байланысты даулы мәселелерді өз құзыреті шегінде шешу;

5) мемлекеттік органдардың су пайдаланушылар кооперативінің құқығын бұзатын актілеріне, олардың лауазымды адамдарының іс-әрекеттеріне сот тәртібімен шағымдану;

6) су пайдаланушылар кооперативі мүшелерінен және шарттарға сәйкес басқа да су пайдаланушылардан жарналар мен төлемдер жинауды жүзеге асыру;

7) заңды тұлғаның су пайдаланушылар кооперативінің жарғысында көзделген мақсаттарға қол жеткізуі үшін қажетті өзге де құқықтарын жүзеге асыру.

2. «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген жекелеген қызмет түрлерімен немесе әрекеттермен (операциялармен) су пайдаланушылардың селолық тұтыну кооперативі рұқсаттың не хабарлама жіберудің негізінде ғана айналыса алады.

**Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 16.05.2014 № 203-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

## **7-бап. Су пайдаланушылар кооперативінің міндеттері**

Су пайдаланушылар кооперативі:

1) Қазақстан Республикасының Су кодексіне сәйкес жергілікті уәкілетті органда арнайы су пайдалануға және су тұтыну лимитіне рұқсат алуға;

2) су пайдаланушылар кооперативінің мүшелері болып табылмайтын жүктелген аумақтың су пайдаланушыларымен олардың әрқайсысы үшін су тұтыну лимитін белгілеу және ол үшін ақы төлеу туралы шарттар жасауға;

3) су пайдаланушылар кооперативіне кірмеген жүктелген аумақтың су пайдаланушыларына суды олардың әрқайсысы үшін шартпен белгіленген су тұтыну лимиті шегінде берудің кестесін жоспарлауды жүзеге асыруға;

4) шарттарға сәйкес, су пайдаланушылар кооперативіндегі мүшелігіне қарамастан, жүктелген аумақтың барлық су пайдаланушыларының суды бірдей

пайдалану кұқығын қамтамасыз етуге;

5) су ресурстарын ұтымды пайдалану жөніндегі есепті және есептілікті жүргізуге, гидромелиоративтік жүйені суды есептеуге арналған құралдармен қамтамасыз етуге;

6) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларда су ресурстарын пайдалануға лицензия алуға;

7) гидротехникалық құрылыстарды, құрылғыларды және жабдықтарды сақтау мен қауіпсіз пайдалану жөніндегі іс-шараларды сақтай отырып, оларды пайдалануды, жөндеуді, реконструкциялауды жүзеге асыруға;

8) гидротехникалық құрылыстардың, құрылғылар мен жабдықтардың паспортын беру ісін жүргізуге;

9) су пайдаланушылар кооперативі мүшелеріне суды ұтымды және тиімді пайдалану саласындағы біліктілігі мен білімдерін арттыруға жәрдемдесуге;

10) су пайдаланушылардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз етуге, оларға жаңа технологияларды, техниканы енгізу кезінде және ғылым-білімді таратуда көмектесуге;

11) Қазақстан Республикасының су, жер, санитариялық-эпидемиологиялық, табиғат қорғау заңдарын және Қазақстан Республикасының жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы заңдарын, арнайы су пайдаланудың шарттарын, белгіленген нормалары мен ережелерін сақтауға;

12) су пайдаланушылар кооперативіндегі мүшелігіне қарамастан, жүктелген аумақтың барлық су пайдаланушыларына су ресурстарын ұтымды пайдалануға жәрдемдесуге, су ресурстары сапасының нашарлауына жол бермеуге;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген есептілікті жүргізуге;

14) суды арнаулы мақсатқа және оны беру шарттарына сәйкес пайдалануға;

15) су пайдаланудың белгіленген лимитін, ережелерін, нормалары мен режимін сақтауға;

16) су ысырабын жоюға және азайтуға қатысты шаралар қолдануға;

17) су көздерінің ластануына және экологиялық жағдайдың нашарлауына жол бермеуге;

18) өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жауап беруге;

19) су пайдаланушылар кооперативінің жарғысында көзделген, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де міндеттерді атқаруға міндетті.

Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.10 N 116 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі), 2010.03.19 № 258-IV Заңдарымен.

## **2-тарау. Су пайдаланушылар кооперативін құру тәртібі және оны басқару**

### **8-бап. Су пайдаланушылар кооперативін құру тәртібі**

1. Су пайдаланушылар кооперативін құру құрылтай жиналысын өткізуден басталады және су пайдаланушылар кооперативін заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркеумен аяқталады.

2. Азаматтар су пайдаланушылар кооперативінің құрылтай жиналысын өткізу және оның қарауына шығаратын құжаттардың жобаларын әзірлеу жөніндегі бастамашы топтарды құра алады.

3. Су пайдаланушылар кооперативін бірнеше елді мекен азаматтары құрған жағдайда және (немесе) өзге де жағдайларда су пайдаланушылар кооперативінің құрылтай жиналысын әзірлеу және өткізу жөніндегі бастамашы топтар белгілеген тәртіппен және нормалар бойынша су пайдаланушылар кооперативінің мүшелігіне өткісі келетіндер сайлаған уәкілдердің құрылтай жиналысы өткізілуі мүмкін.

4. Су пайдаланушылар кооперативі, жүктелген аумақ су пайдаланушыларының кемінде жартысы оның мүшелері болған жағдайда бір гидротехникалық құрылыс, құрылғы және жабдық шегінде құрылуы мүмкін.

### **9-бап. Су пайдаланушылар кооперативінің жарғысы**

1. Су пайдаланушылар кооперативінің жарғысы заңды тұлға ретіндегі су пайдаланушылар кооперативінің құқықтық мәртебесін айқындайтын құжат болып табылады.

2. Су пайдаланушылар кооперативінің жарғысында:

1) су пайдаланушылар кооперативінің атауы, орналасқан жері, ұйымдық - құқықтық нысаны;

2) су пайдаланушылар кооперативі қызметінің нысанасы мен мақсаттары;

3) пайшылардың су пайдаланушылар кооперативі мүшелігіне кіру және одан шығу тәртібі, соның ішінде су пайдаланушылар кооперативі мүлкіндегі өз үлесін бөліп алу тәртібі;

4) мүліктік (пайлық) жарналарды енгізудің құрамы, мөлшері және тәртібі;

5) су пайдаланушылар кооперативі мүлкінің қалыптасу көздері;

6) су пайдаланушылар кооперативі мүшелерінің міндеттемелерді бұзғаны үшін жауапкершілігі;

7) су пайдалану учаскесінің құрылу және қызмет ету шарттары, тәртібі;

8) су пайдалану учаскесі уәкілдерінің өкілеттігі;

9) су пайдаланушылар кооперативінің мүшелері болып табылмайтын, жүктелген аумақтың су пайдаланушыларымен қарым-қатынас;

10) су пайдаланушылар кооперативінің атқару, бақылау және өзге де

органдарын қалыптастыру, сайлау (қайта сайлау) тәртібі және олардың өкілеттіктері, шешімдер қабылдау тәртібі;

11) су пайдаланушылар кооперативінің шеккен шығындарын су пайдаланушылар кооперативі мүшелерінің жабу тәртібі;

12) су пайдаланушылар кооперативін қайта ұйымдастыру және тарату ш а р т т а р ы ;

13) су пайдаланушылар кооперативінің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу тәртібі көрсетілуге тиіс.

Су пайдаланушылар кооперативінің жарғысында Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де ережелер болуы мүмкін.

3. Су пайдаланушылар кооперативінің жарғысына тегі, аты, әкесінің аты, тұрғылықты жері және жеке басын куәландыратын құжаттың деректері көрсетіле отырып, кооператив мүшелерінің тізімі, сондай-ақ заңды тұлғалардың атауы мен орналасқан жері, сондай-ақ су пайдаланушылар кооперативі мүшелерінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы суармалы жерлердің бар екендігі туралы мәліметтер қоса беріледі.

#### **10-бап. Су пайдаланушылар кооперативінің қызметі**

1. Гидротехникалық құрылыстарды, құрылғыларды және жабдықтарды басқару мен пайдалану су пайдаланушылар кооперативі қызметінің негізі болып т а б ы л а д ы .

2. Гидротехникалық құрылыстар, құрылғылар және жабдықтар су пайдаланушылар кооперативіне сенімгерлік басқаруға берілуі мүмкін.

3. Су пайдаланушылар кооперативі суды тікелей су көзінен алған кезде су ресурстарын пайдалануға лицензиясы және арнайы су пайдалану лицензиясы болуға тиіс.

#### **11-бап. Су пайдаланушылар кооперативінің оның құрамына кірмейтін су пайдаланушылармен қарым-қатынасы**

1. Су пайдаланушылар кооперативінің құрамына кірмеген, бірақ су пайдаланушылар кооперативінің басқаруындағы бір гидротехникалық құрылыстың, құрылғының және жабдықтың қызметін пайдаланатын су пайдаланушылар су пайдалану құқығын сақтайды. Бұл ретте су пайдаланушылар кооперативінің су пайдалануға алған рұқсатында ол су пайдаланушылар кооперативінің мүшелері болып табылмайтын тұлғаларға шарттық негізде су беруге кепілдік беретіндігі көрсетіледі.

2. Су пайдаланушылар кооперативінің мүшелері болып табылмайтын су пайдаланушыларға суды беру жөніндегі қызмет көрсетулерге төлемақы Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес белгіленеді.

3. Су пайдаланушылар кооперативі мен оның құрамына кірмейтін су пайдаланушылардың арасындағы дауларды сот шешеді.

Ескерту. 11-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 17.01.2014 № 165-V Заңымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

## **12-бап. Су пайдаланушылар кооперативіне мүшелік**

1. Жүктелген аумақта жер учаскелерін иеленуші (пайдаланушы) және гидротехникалық құрылыстарды, құрылғыларды және жабдықтарды пайдалануға байланысты қызметті жүзеге асыратын азаматтар мен заңды тұлғалар су пайдаланушылар кооперативінің мүшелері бола алады.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді кейінгі жер пайдалану құқығымен пайдаланатын және гидротехникалық құрылыстарды, құрылғыларды және жабдықтарды пайдаланатын жеке және заңды тұлғалар су пайдаланушылар кооперативінің қызметіне бастапқы жер пайдаланушы берген сенімхаттың негізінде қ а т ы с а д ы .

2. Су пайдаланушылар кооперативінің мүшесі болып табылатын заңды тұлға осы кооперативте Қазақстан Республикасының заңдарына және құрылтай құжаттарына сәйкес жұмыс істейтін өз органдары арқылы өкілдік етуге тиіс.

3. Шаруа немесе фермер қожалығы атынан су пайдаланушылар кооперативінде оның басшысының жеке өзі өкілдік етеді. Ауырып қалған немесе ұзақ уақыт болмаған жағдайда шаруа немесе фермер қожалығының басшысы шаруашылық мүшелерінің біреуіне су пайдаланушылар кооперативіндегі өзінің міндеттерін орындауға уәкілеттік бере алады, ол жөнінде су пайдаланушылар кооперативінің басқару органына жазбаша хабарлайды.

4. Жүктелген аумақ шекарасы шегіндегі су пайдаланушылар болып табылатын мемлекеттік кәсіпорындар жергілікті уәкілетті органның келісімімен ғана су пайдаланушылар кооперативінің мүшелері бола алады.

5. Мемлекеттік мекемелер, белгіленген тәртіппен мемлекеттік меншікті иелену, пайдалану, билік ету құқығы берілген мекемелерді қоспағанда, су пайдаланушылар кооперативінің мүшелері бола алмайды.

6. Шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, сондай-ақ шетелдік заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заң актілерінде және Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарда өзгеше көзделмесе, Қазақстан Республикасының аумағында су пайдаланушылар кооперативін құруда және оның қызметінде Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларымен бірдей құқықтарды пайдаланады және міндеттер атқарады.

Ескерту. 12-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 2006.01.10 N 116 (2006.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 2011.03.24 N 420-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **13-бап. Су пайдаланушылар кооперативінің қызметіне қойылатын шектеулер**

Су пайдаланушылар кооперативінің қызмет көрсету аумағында гидротехникалық құрылыстарды, құрылғыларды және жабдықтарды пайдаланатын су пайдаланушылар кооперативінің мүшелеріне өз бетінше:

су шаруашылығы құрылыстарын жобадан тыс реттеуге;  
сумен жабдықтау жүйесінде, су қоймаларында, уақытша мойнақтар арналарында, сорғы станцияларында және басқа да құрылыстарда жобада көзделмеген құрылғылар орнатуға;

басқа су пайдаланушылардың мүдделеріне нұқсан келтіретін өзге де іс-әрекеттер жасауға тыйым салынады.

#### **14-бап. Су пайдаланушылар кооперативі мүшелерінің міндеттері**

1. Су пайдаланушылардың Қазақстан Республикасының Су кодексінде және "Қазақстан Республикасындағы селолық тұтыну кооперациясы туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген негізгі міндеттерінен басқа, су пайдаланушылар кооперативінің мүшелері:

1) судың нормадан тыс ысырап болуына, сондай-ақ оның мақсатқа сай пайдаланылмауына жол бермеуге;

2) өз қызметінің нәтижесінде ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердегі санитариялық-эпидемиологиялық, экологиялық жағдайдың және су жағдайының нашарлауына жол бермеуге;

3) су шаруашылығы құрылыстарын пайдалану жөніндегі міндеттемелерді орындамаудан немесе тиісінше орындамаудан туындаған шығындарды Қазақстан Республикасының азаматтық заңдарына сәйкес өтеуге;

4) өздерінің жер учаскелерінде орналасқан су шаруашылығы құрылыстары мен құрылғыларын жайластыру және олардың жұмыс істеуі үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында су пайдаланушылар кооперативі жұмыскерлерінің оларды пайдалана алуын қамтамасыз етуге міндетті.

2. Су пайдаланушылар кооперативінің мүшелері су пайдаланушылар кооперативінің жарғысында көзделген, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келмейтін өзге де міндеттерді атқара алады.

#### **15-бап. Тұрақты немесе уақытша жер пайдалану құқығының тоқтатылуына байланысты су пайдаланушылар кооперативіндегі мүшеліктің тоқтатылуы**

1. Жер учаскесіне, тұрақты немесе уақытша жер пайдалану құқығын жоғалтқан су пайдаланушылар кооперативінің мүшесі осы кооперативтегі мүшелігін тоқтатады.

2. Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерге тұрақты немесе уақытша жер пайдалану құқығын жоғалтқан су пайдаланушылар кооперативінің мүшесі бұл туралы су пайдаланушылар кооперативінің атқарушы органын хабардар етеді.

Бұл хабарламаны су пайдаланушылар кооперативінің атқарушы органына жер учаскесіне, тұрақты немесе уақытша жер пайдалану құқығына ие болған тұлғалар да бере алады.

3. Су пайдаланушылар кооперативі мүшесінің жер учаскесіне, тұрақты немесе уақытша жер пайдалану құқығын жоғалтуына байланысты су пайдаланушылар кооперативіндегі мүшеліктің тоқтатылуы су пайдаланушылар кооперативі атқарушы органының шешімімен ресімделеді.

4. Жер учаскесіне, тұрақты немесе уақытша жер пайдалану құқығын жоғалтуына байланысты мүшелігін тоқтатқан су пайдаланушылар кооперативінің мүшесіне осы Заңда белгіленген тәртіппен су пайдаланушылар кооперативінің мүлкіндегі оның мүліктік (пайлық) жарнасына барабар үлес бөлініп беріледі.

### **16-бап. Су пайдаланушылар кооперативінің жалпы жиналысы (уәкілдер жиналысы)**

1. Су пайдаланушылар кооперативінің жалпы жиналысы (уәкілдер жиналысы) кезекті немесе кезектен тыс жиналыстар ретінде шақырылады.

2. Су пайдаланушылар кооперативінің мүшесі жалпы жиналысқа (уәкілдер жиналысына) жеке өзі немесе өзінің өкілі арқылы қатысуға құқылы.

Су пайдаланушылар кооперативі басқару органдарының мүшелері, сенім білдірушінің өзі су пайдаланушылар кооперативі басқару органдарының мүшесі болып табылатын жағдайды қоспағанда, жалпы жиналысқа (уәкілдер жиналысына) өкіл ретінде қатысуға құқылы емес.

Сенімхат негізінде басқа адам су пайдаланушылар кооперативі мүшесінің өкілі болуға құқылы.

3. Су пайдаланушылар кооперативінің әрбір мүшесі немесе оның өкілі жалпы жиналыста (уәкілдер жиналысында) бір дауысқа ие болады.

4. Су пайдаланушылар кооперативінің жарғысымен су пайдаланушылар кооперативі мүшелерінің жалпы жиналыста (уәкілдер жиналысында) төрағалық ету кезектілігі көзделуі мүмкін.

5. Су пайдаланушылар кооперативі жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) шешімі бойынша оған су пайдаланушылар учаскелері мүшелерінің жиналыстарында уәкілдік берілгендер, сайланғандар қатыса алады.

6. Жалпы жиналыс (уәкілдер жиналысы), егер су пайдаланушылар кооперативінің жарғысында өзгеше көзделмесе, өзінің айрықша құзыретіне жатпайтын өкілеттіктерді су пайдаланушылар кооперативінің атқарушы органына беруге құқылы.

### **17-бап. Су пайдалану учаскелері мүшелерінің жиналысы**

1. Су пайдалану учаскесі су пайдаланушылар кооперативінің ажырамас бөлігі болып табылады және өз қызметінің мәселелерін жалпы жиналыстың (уәкілдер

жиналысының) шешімімен немесе су пайдаланушылар кооперативінің жарғысымен көзделген көлемде ғана шеше алады.

2. Су пайдалану учаскесін құру туралы шешім су пайдаланушылар кооперативінің жалпы жиналысында (уәкілдер жиналысында) қабылданады. Су пайдалану учаскелерін құру туралы мәселені жалпы жиналыстың (уәкілдер жиналысының) қарауына су пайдаланушылар кооперативінің атқарушы органы және (немесе) су пайдалану учаскелерін құруға ниет білдіретін мүшелері енгізуі м ү м к і н .

3. Су пайдалану учаскесі мүшелерінің жиналысында су пайдаланушылар кооперативі қызметінің мәселелері қаралады, сондай-ақ су пайдаланушылар кооперативінің жарғысында айқындалатын тәртіппен және өкілдік нормалары бойынша су пайдаланушылар кооперативінің жалпы жиналысына (уәкілдер жиналысына) қатысу үшін делегаттар сайланады.

4. Су пайдаланушылар кооперативі су пайдалану учаскесі мүшелерінің жиналысы, егер оған су пайдалану учаскесі мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып табылады.

5. Су пайдаланушылар кооперативінің су пайдалану учаскесі мүшелері жиналысының шешімі, егер оған су пайдалану учаскесі мүшелерінің жиналысына қатысып отырғандардың жартысынан астамы дауыс берсе, қабылданды деп есептеледі.

6. Су пайдаланушылар кооперативінің су пайдалану учаскесі мүшелері жиналысының шешім қабылдау тәртібі, дауыс беру нысаны (жасырын немесе ашық) осы жиналыста айқындалады.

### **18-бап. Су пайдаланушылар кооперативінің уәкілі**

1. Су пайдалану учаскесі мүшелерінің жиналысында сайланған су пайдаланушылар кооперативінің уәкілі су пайдаланушылар кооперативінің жарғысында айқындалған өкілеттіктерге ие болады.

2. Уәкілдер жиналыстың төрағасы мен хатшысы қол қойған су пайдалану учаскесі мүшелерінің жиналысы хаттамасының көшірмесі болған кезде су пайдаланушылар кооперативінің жалпы жиналысына (уәкілдер жиналысына) қатысуға жіберіледі.

3. Су пайдаланушылар кооперативі учаскесінің уәкілі учаскенің қызметін ұйымдастырады және су пайдалану учаскесінің су пайдаланушыларына су пайдаланушылар кооперативі жалпы жиналысының (уәкілдер жиналысының) шешімін жеткізеді.

### **19-бап. Су пайдаланушылар кооперативінің байқаушы кеңесі**

1. Су пайдаланушылар кооперативінің байқаушы кеңесі, егер бұл оның мүшелері тарапынан атқарушы органның қызметіне бақылау жасау мақсатында су пайдаланушылар кооперативінің жарғысында көзделсе, құрылуы мүмкін.

Байқаушы кеңестің өкілеттіктері жарғымен айқындалады.

2. Су пайдаланушылар кооперативінің байқаушы кеңесі су пайдаланушылар кооперативінің жалпы жиналысы (уәкілдер жиналысы) сайлайтын оның мүшелерінен тұрады.

3. Байқаушы кеңестің мүшесі бір мезгілде су пайдаланушылар кооперативінің атқарушы органының, тексеру комиссиясының мүшесі бола алмайды.

### **20-бап. Су пайдаланушылар кооперативі атқарушы органының құзыреті**

1. Су пайдаланушылар кооперативінің атқарушы органының құзыретіне осы Заңда, су пайдаланушылар кооперативінің жарғысында және су пайдаланушылар кооперативінің жалпы жиналысы (уәкілдер жиналысы) мен байқаушы кеңесінде қабылданған өзге де құжаттарда айқындалған, жалпы жиналыс (уәкілдер жиналысы) пен байқаушы кеңесінің құзыретіне жатпайтын су пайдалану кооперативінің қызметін қамтамасыз ету мәселелері жатады.

2. Су пайдаланушылар кооперативінің үшінші тұлғалармен қатынаста су пайдаланушылар кооперативі атқарушы органының өкілеттігіндегі өзі белгілеген шектеулерге сілтеме жасауға құқығы жоқ. Алайда, су пайдаланушылар кооперативі оның атқарушы органының үшінші тұлғамен белгіленген шектеулерді бұза отырып жасасқан мәмілесінің жарамдылығына, егер мәміле жасалған кезде үшінші тұлғаның мұндай шектеулер туралы білгендігін дәлелдесе, дауласуға құқылы.

### **21-бап. Су пайдаланушылар кооперативінің атқарушы органы мүшелерінің қызметін шектеу**

1. Су пайдаланушылар кооперативі атқарушы органының мүшелеріне:

1) жалпы жиналыстың (уәкілдер жиналысының) келісімінсіз су пайдаланушылар кооперативімен одан мүліктік пайда алуға бағытталған мәмілелер (сыйға беру, қарыз, өтеусіз пайдалану, сатып алу-сату және басқа шарттарды қоса) жасасуға;

2) су пайдаланушылар кооперативі үшінші тұлғалармен жасасқан мәмілелер үшін су пайдаланушылар кооперативінен, үшінші тұлғалардан комиссиялық сыйақы алуға;

3) үшінші тұлғалардың су пайдаланушылар кооперативімен қатынасында солардың атынан әрекет етуге немесе солардың мүдделерін қорғауға;

4) су пайдаланушылар кооперативінің қызметімен бәсекелесетін кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға тыйым салынады.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) - 3) тармақшаларында көзделген шектеулер су пайдаланушылар кооперативі атқарушы органы мүшелерінің жақын туыстары мен жекжаттарына да қолданылады.

### 3-тарау. Қорытынды ережелер

#### 22-бап. Осы Заңды бұзғаны үшін жауаптылық

Осы Заңның талаптарын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

#### 23-бап. Осы Заңды қолданысқа енгізу тәртібі

1. Осы Заң ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

2. Осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін құрылған арнайы су пайдалануды жүзеге асыратын заңды тұлғалардың құрылтай құжаттары алты ай ішінде осы Заңға сәйкестендірілуге және Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы заңдарына сәйкес мемлекеттік қайта тіркеуден өткізілуге тиіс.

3. Құрылтай құжаттары осы Заңға сәйкес келтірілгенге дейін заңды тұлғалар өздерінің қолданыстағы құрылтай құжаттарының ережелерін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне және осы Заңға қайшы келмейтін бөлігінде басшылыққа алуға тиіс.

*Қазақстан Республикасының*

*Президенті*